

Н. Н. Сүлейменова,

*Ғылыми зерттеу институтының криминологиялық мәселелерді
зерттеу бойынша орталығының ғылыми қызметкері,
заң ғылымдарының магистрі, полиция аға лейтенанты
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

**«НҰРЛЫ ЖОЛ — БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫНА БӨГЕТ ЖАСАЙТЫН КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР**

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері даму жолында көптеген бағдарламалар мен алғышарттарды жүзеге асыруда. 2014 жылғы 11 қарашада Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев экономика мен қоғамның тұрақты дамуын, Қазақстанның қауіпсіздігі мен қорғанысын нығайту мақсатында халыққа нақты мақсаттарға құрылған «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» жаңа экономикалық бағдарламасын ұсынды. «Нұрлы жол» — болашаққа бастайтын аса маңызды, қазіргі уақытта қажетті стратегиялық, елімізді қуатты мемлекетке айналдыратын негізгі құжат¹.

Бұл құжатта болашақ үшін маңызды мәселелер түгел қамтылған. Олардың ішінде: көліктік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту, индустриялық инфрақұрылымдарды дамыту, энергетикалық инфрақұрылымды дамыту, су және жылумен қамтамасыз ету желілері инфрақұрылымдарын жаңғырту, тұрғын үй инфрақұрылымдарын нығайту, әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту, шағын және орта бизнес пен іскерлік белсенділікті қолдау бойынша жұмысты жалғастыру қарастырылған. Жолдауда қойылған тапсырмалар еліміздің экономикасын күшейтеді, қоғамның тұрақтылығын, халықтың әл-ауқатын арттырады.

Алайда, «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» бағдарламасының жүзеге асырылуына бөгет жасайтын жағдайлар бар. Мәселен, діни экстремизм мен терроризм мәселесі. Елбасы алда тұрған қиындықтарды жеңу жолында қоғамның жұмылуы, тұрақтылық пен бейбітшілік мәселелеріне ерекше назар аударды. «Қазақстан — 2030» стратегиясында «... саясатымыздың басты мақсаты ұлт қауіпсіздігі мен мемлекеттілігімізді сақтау болуы тиіс. Аймақтық қауіпсіздік мәселесінің маңызды сұрағы діни экстремизм мен терроризммен күресті жандандыру...»ⁱⁱ деп көрсетілген. Діни экстремизм — қоғамдағы дәстүрлі діннің құндылықтарын жоққа шығару. Дәстүрлі дінге жат идеяны белсенді насихаттау. Зайырлы қоғамға қарсы әрекет ету. Қоғамға белгілі бір діни конфессия бойынша өз түсініктері мен көзқарастарын насихаттау. Тұтас әлемге, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне, елдің аумақтық тұтастығына, азаматтардың құқығына және бостандығына үлкен қауіп төндіреді. Осындай әрекеттерді жасайтындардың бірі — экстремистер. Соңғы жылдары экстремистер өз мақсаттарына жету үшін «қанды террорлық» әрекетті құрал ретінде қолданып, әлем жұртшылығын алаңдатып отырⁱⁱⁱ. Терроризм ұйымдасқан топтың жүйелі түрде зорлық-зомбылықты басымырақ қолдану арқылы өзі жария еткен мақсаттарға жетуге тырысатын әдісі. Терроризмнің негізгі қозғаушы күші осы заманның әр алуан шешілмеген мәселелері болып табылады. Әртүрлі елдердің дамуы арасындағы айырмашылық, дамушы елдердің дамыған елдерге қарағанда тұрмыс жағдайларының нашарлығы, кедейлік, жұмыссыздық, сыбайлас жемқорлық, сауатсыздық, дамушы елдердің жоғарғы билік өкілдерінің кез келген жолмен билікті сақтап қалуға ұмтылуы терроризмнің туындау үшін қолайлы жағдай жасайды.

Ұйымдасқан қылмыстық топтар діни экстремистік радикалды ұйымдардың қатарына тартатын адамдардың санасын улау үшін бар айла-тәсілдерді қолданады. Қиындыққа тап болған, көмекке мұқтаж жандар тез көніп, айлакердің айтқанына тез сенеді. Жақсы адамдармен таныстыруға, әрдайым қолдау көрсетуге, бай болуына бар күшін салуға сөз береді^{iv}. Осылайша сана сезімі өзгерген тұлғалар аталмыш «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» бағдарламасының жүзеге асырылуын қолдамайды.

Қазақстандағы террористік қылмыстарға қатысты тергеуге тартылғандардың 55 пайызы 17—29 жастағыларды құрап отыр. Олардың 36 пайызы 25 жасқа толмаған болса, 35 пайызының жасы 30—39 аралығында. Террористік қылмыстар жасалған уақытта топ

мүшелерінің ең жасы 17-де, ең үлкені 48 жаста болған. Соның ішінде орта мектепті ғана және орта білімді бітіргендер. Террористік топқа тартылғандардың басым бөлігінде арнайы діни сауаттың болмағанын көрсетеді^v.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің деректері бойынша Қазақстан Республикасында 2008 жылдан 2013 жылға дейін террористік қылмыстары үшін сотталған тұлғалардың саны 27-ден 171-ге дейін өссе, ал экстремистік қылмыстар жасалғаны үшін 56-дан 168-ге дейін өсті. Сонымен бірге соңғы 5 жыл ішінде республика аумағында халықаралық экстремистік не террористік ұйымдардың қызметіне қатысы бар 70 шетел азаматтары ұсталынды және шетелде Қазақстан азаматтары террористік-экстремистік қызметіне қатысқан фактілері анықталды.

Экстремистік қылмыстардың мақсаттарының бірі мемлекет мүддесіне және оның қабылдаған барлық бағдарламаларына қарсы бағытталғандығын Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің келесідей баптары куәландырады:

1) «Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру» (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 174-бабы).

2) «Билікті басып алуды немесе ұстап тұруды насихаттау немесе оған жария түрде шақыру, сол сияқты билікті басып алу немесе ұстап тұру не Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгерту» (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 179-бабы).

3) «Заңсыз әскерлендірілген құралымды ұйымдастыру» (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 267-бабы).

4) «Заңсыз қоғамдық және басқа да бірлестіктер құру олардың қызметіне басшылық ету және қатысу» (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 404-бабы).

5) «Қоғамдық немесе діни бірлестіктің не өзге де ұйымның экстремизмді немесе терроризмді жүзеге асыруына байланысты олардың қызметіне соттың тыйым салу немесе тарату туралы шешімінен кейін олардың қызметін ұйымдастыру және оған қатысу» (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 405-бабы)^{vi}.

Қазіргі терроризмнің өзіндік ерекшелігі террорлық әрекетті жоспарлау, нақты операцияларды дайындау мен жүргізу, жекелеген топтар мен орындаушылар арасындағы өзара қимылды ұйымдастыру мәселесін шешу үшін халықаралық және аймақтық басқару органдарын қалыптастырады. Сондай-ақ олар билік үшін күресі табысты болу мақсатында қоғамда үкіметке қарсы көңіл-күй тудырады; қоғамдық және мемлекеттік саяси, экономикалық, күш құрылымына кіреді; дүниенің әр жерінде операция сәтті өтуін қамтамасыз ететін орталықтар дайындайды; фирма, компания, банк, қорлар тармақтарын құрады, олар террористерді қаржыландырады тағы басқаларды жүзеге асырады.

Терроризмді немесе экстремизмді қаржыландыру дегеніміз — террористерді немесе экстремистерді материалдық жағдаймен ақшалай немесе ақшасыз жолдарымен қасақан қамтамасыз ету болып табылады. Экстремистік немесе террористік әрекеттерді қаржылық қолдаусыз жүзеге аспайтыны бәрімізге мәлім. Террористік қызметтің қаржыландыру көздеріне жататындар:

- содырларға (террористерге) әлемдегі ірі қаржы орталықтарында есепшоттарынан, жеке компаниялары бар ресми бизнестермен айналысатын ауқатты адамдардың қаржы бөлетіндіктері;

- халықаралық террористерге демеушілік ететін әртүрлі қайырымдылық қорлары;

- қаржыландыру көздерін заңсыз әрекет есебінен құрылған есірткі саудасы, қару-жарақ контрабандасы, түсті және жиі кездеспейтін металдар мен бриллианттарды заңсыз сатудан алынған қаржылар құрайды. Бұрын діни экстремизм мен терроризмді қаржыландыру аясындағы қылмыстарды Қаржы министрлігінің құрамындағы Қаржы мониторингі жөніндегі комитеті анықтайтын. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің экономикалық қызметіне тапсырылды. Экономикалық тергеу қызметінің өкілеттігіне қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар туралы ақпаратты жинау, өңдеу және талдауды жүзеге асыру экономикалық, салық қылмыстары мен жалған кәсіпкерлікті тергеу жатады^{vii}.

«Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» бағдарламасы елімізде экономиканың қарқынды дамуының негізгі факторы ретінде қоғамымыздың интеллектуалдық және

әлеуметтік капиталын ұлғайтуды көздеп отыр. Жолдауда айтылған маңызды міндеттер, ең алдымен, еліміздің экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңғыру мәселесімен және әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылуына байланысты. Жоғары аталып кеткен терроризм мен экстремизмді тудыратын жағдайлар бағдарламаның негізгі мақсаттарының жүзеге асырылуына кедергі келтіріп, ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіру мүмкіндігін тудырмау үшін діни экстремизм және терроризмге байланысты қабылданған бірқатар заңдар бар.

Еліміз терроризммен күресуге бағытталған 14 халықаралық келісімшарттар мен хаттамаларға қосылды. Олардың негізгілерінің бірі — 1970 жылғы Әуе кемелерін заңсыз қолға түсірумен күресу туралы Гаага конвенциясы, 1971 жылғы Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілермен күресу туралы Монреаль конвенциясы, 1979 жылғы аманаттар басып алумен күресу туралы халықаралық конвенциясы, 1997 жылғы Бомбалық терроризммен күресу туралы халықаралық конвенциясы, 1999 жылғы Терроризмді қаржыландырумен күресу туралы халықаралық конвенция, 2005 жылғы Ядролық терроризм актілерімен күресу туралы халықаралық конвенциясы.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы терроризммен және экстремизммен күресудің әртүрлі аспектілері бойынша көп жақты және екі жақты ынтымақтасу пішімінде 60-тан астам халықаралық шарттар жасалынды^{viii, 8}.

2003 жылы желтоқсан айында Президенттің жарлығымен терроризммен және діни экстремизммен күресте барлық күштер құрылымының тиімді жұмысын қамтамасыз ету мақсатында Антитеррористік орталық құрылды. Оған барлық арнайы, құқық қорғау және басқа да мекемелердің терроризммен күрес сияқты жұмысын үйлестіру міндеті жүктелді. Еліміз ТМД Антитеррористік орталығының, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының Аймақтық антитеррористік құрылымының қызметі, сонымен қатар Ұжымдық қауіпсіздік келісімшарты ұйымы сияқты антитеррористік құрылымдар қатарының мүшесі болып табылады^{ix}.

Діни экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет ету аясындағы нормативтік база әрдайым жетілдіріп отырады, Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 қыркүйектегі № 648 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013—2017 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарлама болды. Мемлекеттік бағдарламаның негізгі тапсырмасы терроризммен күресуде құқық қорғау және арнайы органдардың қызметін тиімді арттыру, сонымен қатар діни экстремизм идеологиясын таратудың алдын алу жүйесін құру болып табылады^x. Бағдарлама мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттырып, діни экстремизм мен терроризм идеялардың халықтың арасында таралуына, насихатталуына жол бермеуге бағытталған алдын алу жұмыстарын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік туғызады.

Экстремизм мен терроризмге қарсы тиімді күрес жүргізу үшін мемлекеттік органдардың барлық азаматтық қоғам институттарымен ұйымдаса отырып, бірігіп экстремизм мен терроризмге қарсы саясатты күшейту қажет. Себебі жеке дара бұл күшпен күресу мүмкін емес, күресу үшін жаппай біріге отырып жеңу жолдарын қарастыру қажеттігі туындап отыр. Сондықтан радикалдық идеология мен терроризмді насихаттауға қарсы әрекет ету аясында үкіметтік емес ұйымдардың санын көбейту керек, бұл мемлекеттік органдарға түсетін жүктемені төмендетіп, олардың алдына қойылған басқа да міндеттерді орындауға мүмкіндігін туғызады.

Осындай мақсат-міндеттерді іске асыру, елдегі саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімге тікелей байланысты, тек ынтымағы, тұтастығы мен бірлігі жарасқан ел ғана терроризм, экстремизм, дағдарыс сияқты жаһандық қауіп-қатерлерге төтеп беретіні сөзсіз. Ал, мемлекет тарапынан қабылданған бағдарламалар толық жүзеге асуы ықтимал.

i Нұрлы жол — болашаққа бастар жол // <http://ortalyk-kaz.kz>

ii Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан — 2030» стратегиясы: Қазақстан халқына Жолдауы. — Алматы, 1997.

iii Қазақстан Республикасының халықаралық терроризм идеясы таралуының алдын алу бойынша іс-шаралары // Қазақстан Республикасы ІІМ ІӘ әскери институтының хабаршысы. — 2012. — 6 қазан. — № 4.

iv Экстремизмге қарсы күрес қарқынды жүру керек // Сақшы. 2015. 2 маусым.

-
- v Терроризм — белгілі бір мақсатқа қол жеткізу үшін жасалатын іс-әрекеттер стратегиясы // <http://e-islam.kz>
- vi Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ // <http://online.zakon.kz>
- vii Службе экономических расследований Комитета госдоходов переданы функции по пресечению финансирования экстремизма и терроризма // <http://www.ratel.kz>
- viii Карбузов К.-К. Ж., Тлеубаев Е. С., Курманов А. А. Сборник нормативных правовых актов в сфере борьбы с терроризмом. — Астана, 2013.
- ix Жаңа қауіп-қатерлерге қарсы күрес // <http://www.mfa.kz>
- x Діни экстремизм — әлемдік мәселе // Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы — 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауын жүзеге асыру аясында құқық қорғау қызметін жетілдірудің негізгі бағыттары // Халықаралық ғыл.-тәжіриб. конф. мат-ры. — ҚР ИМ Қостанай академиясы, 2014.